

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі**  
**«БВ04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы**  
**4 курс, қазақ бөлімі**

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
2443 Кеден құқығы	98	15	30	-	5	7
<b>ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ</b>						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	Бейіндеуші пәндер, жоғары оқу орны компоненті	Теориялық, аналитикалық, интерактивті	логикалық, есептерді шешу, ситуациялық тапсырмалар, сауалнама тест-сұрақтар	Univer АЖ тест		
<b>Дәріскер (лер)</b>	Қожабек Қанат Мұратұлы					
<b>e-mail:</b>	kozhabek-@mail.ru					
<b>Телефоны:</b>	87019510402					
<b>Ассистент (тер)</b>	Қонысбай Б.М., Умбетов М.Н.					
<b>e-mail:</b>	Konysbay17@gmail.com., umbetov-m@mail.ru					
<b>Телефоны:</b>	87776409949; 87019170200					
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты - кеден заңнамасын дамытудың негізгі бағыттарын түсіну қабілетін қалыптастыру. Оқу курсы құқықтық мәртебені, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы өткізу тәртібін, кедендік баждарды, кедендік-валюталық бақылауды және басқа да кедендік операцияларды түсіну үшін теориялық және әдістемелік негізді қалыптастырады. Пән кеден заңнамасын жетілдірудің заманауи тәсілдерін зерттеуге бағытталған.	1. Кеден заңнамасының нормаларын түсіну, түсіндіру және дұрыс қолдану.			1.1 Кеден құқығы ұғымдары мен нормаларын түсіндіру және олардың қазақстандық құқық жүйесіндегі орнын анықтау.		
				1.2 Кеден сфера саласындағы құқықтық жағдайларды шешу.		
	3. СЭҚ қатысушыларын, уәкілетті экономикалық операторларды, Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды басқару дағдыларын көрсету.			2.1 ҚР кеден саясатының түрлері мен даму кезеңдерін ажырату және түсіндіру.		
				2.2 ҚР экономикасын дамытудың түрлі кезеңдеріндегі кеден саясатының негізгі бағыттарын дәлелдеу.		
	1. Кеден заңнамасының нормаларын түсіну, түсіндіру және дұрыс қолдану.			3.1 Кедендік құқықтық қатынастар субъектілерін, олардың құқықтары мен міндеттерін ажырату		
				3.2 Кедендік құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы қатынастардың сипатын және кеден ісі саласындағы басқарудың негізгі принциптерін түсіндіру.		
	4. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды кедендік құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша ақпараттандыру және кеңес беру.			4.1 Кедендік құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша СЭҚ		

		<p>қатысушыларын хабардар ету және оларға кеңес беру тәртібін түсіндіру.</p> <p>4.2 СЭҚ қатысушыларына кедендік құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша түсініктемелер жасау.</p>
	2. Халықаралық экономиканың үрдістерін ескере отырып, кеден саясатын түсіну	<p>5.1 Кедендік құқық нормаларын қолдану саласындағы проблемалық жағдайларды анықтау.</p> <p>5.2 Кеден ісі саласындағы құқықтық қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын негіздеу.</p> <p>5.3 Кеден құқығы мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жазу.</p>
<b>Пререквизиттер</b>	GP2207 Азаматтық құқық, EP2209 Экологиялық құқық, FP2212 Қаржы құқығы, TP2211 Еңбек құқығы.	
<b>Постреквизиттер</b>	ZP3215 Жер құқығы, SP3223 Отбасы құқығы, PN3223 Жер койнауын пайдалану құқығы, NP4303 Салық құқығы, PP4312 Кәсіпкерлік құқық, VP3310 Су құқығы.	
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Әдебиет:</b></p> <p><b>1. Негізгі:</b></p> <p>1. Матвеева, Т. А. Таможенное право : учебное пособие для вузов / Т. А. Матвеева. — 3-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2023. — 244 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-16782-5. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: <a href="https://urait.ru/bcode/531692">https://urait.ru/bcode/531692</a></p> <p>2. Таможенное право : учебник / [Бакаева О. Ю., Лайченкова Н. Н., Литвинова Ю.М. и др.] ; отв. ред. О. Ю. Бакаева. – 3-е издание, переработанное и дополненное. – Москва : Норма : Инфра-М, 2020. – 591 с. – ISBN 978-5-91768-641-7 (Норма). – ISBN 978-5-16-015104-5 (Инфра-М). – То же электрон. версия на сайте URL: <a href="https://znanium.com/catalog/product/1044715">https://znanium.com/catalog/product/1044715</a></p> <p>3. Чернявский А.Г. Таможенное право. Учебник. – Москва: Издательство Кнорус, 2021 ж., 586 бет.</p> <p>4. Алибеков С.Т. Таможенное право в Республике Казахстан. Учебник - Электрон. - Алматы : КазУМО и МЯ, 2014г.</p> <p>5. Новикова С.А. Таможенное дело и таможенное регулирование в ЕАЭС. Учебник для вузов. – Москва: Издательство Юрайт, 2023 г., 376 стр.</p> <p><b>2. Қосымша:</b></p> <p>1. Байсалова Г.Т. Правовые основы таможенного дела в Республике Казахстан: Общая часть: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 г., 248 стр.</p> <p>2. Таможенное право : учебное пособие / составители О. А. Нартуева, А. Г. Тышкенова. — Улан-Удэ : БГУ, 2021 ж., 136 бет.</p> <p>3. Таможенное право : учебник для студентов вузов / Н. Д. Эриашвили, И. М. Рассолов, С. Н. Бочаров, В. Б. Мантусов; под ред. Н. Д. Эриашвили. – 6-е изд., перераб. и доп. – Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2018. – 303 с. – (Dura lex, sed lex). – ISBN 978-5-238-02703-6. – То же электрон. версия на сайте URL: <a href="https://biblioclub.ru/index.php?page=book&amp;id=426679">https://biblioclub.ru/index.php?page=book&amp;id=426679</a></p> <p><b>Интернет-ресурстар</b></p> <p>1. <a href="http://elibrary.kaznu.kz/ru">http://elibrary.kaznu.kz/ru</a></p> <p>2. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/">https://adilet.zan.kz/kaz/</a></p>	

<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, симуляцияларда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87784272744 /e-mail <a href="mailto:kozhabek@mail.ru">kozhabek@mail.ru</a>  <a href="https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09">https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09</a>  <a href="https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE">https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE</a> кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>МООС интеграциясы (massive openonline course).</b> МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--	--

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

<p><b>Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі</b></p>				<p><b>Бағалау әдістері</b></p>
<p><b>Баға</b></p>	<p><b>Баллдардың сандық баламасы</b></p>	<p><b>% мәндегі баллдар</b></p>	<p><b>Дәстүрлі жүйедегі баға</b></p>	<p><b>Критериалды бағалау</b> – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p>
<p>A</p>	<p>4,0</p>	<p>95-100</p>	<p>Өте жақсы</p>	
<p>A-</p>	<p>3,67</p>	<p>90-94</p>		
<p>B+</p>	<p>3,33</p>	<p>85-89</p>	<p>Жақсы</p>	

				<b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.
B	3,0	80-84		<b>Формативті және жиынтық бағалау</b>
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)
D	1,0	50-54		<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>
<b>Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.</b>				

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл***
<b>Модуль 1 Кеден құқығының теориясы</b>			
1	Д1. Тақырыбы: «Кеден құқығы» курсына кіріспе.	1	
	СС 1. Тақырыбы: «Кеден құқығы» курсына кіріспе Курстың негізгі ұғымдарын зерделеу және түсіндіру: кеден ісі, кеден қызметі, кеден аумағы, кеден шекарасы, кеден саясаты және т.б. "ҚР Кеден құқығы" курсының нысаны, міндеттерін айқындау және жүйесін құрылымдау.	2	5
2	Д2. Тақырыбы: Кеден ісінің құқықтық негіздері..	1	
	СС 2. Тақырыбы: кеден ісінің құқықтық негіздері. Кеден ісінің түсінігін, құрылымы мен мақсаттарын айқындайтын мәселелер бойынша дәріс тезистерімен, әдебиеттермен танысу. ҚР Кеден кодексінің құрылымын зерделеу негізінде кеден ісінің сипаттамасын қалыптастыру және тұжырымдау.	2	5
	СОӘЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру: «Кеден құқығының қайнар көздері»		
3	Д 4. Тақырыбы: құқық жүйесіндегі кедендік құқық.	1	
	СС. Тақырыбы: Құқық жүйесіндегі кеден құқығы. Тақырып бойынша оқу әдебиеттерін зерттеу. Кедендік құқықтың теориялық ережелерін білуді көрсету: пәні, әдісі, жүйесі, құқықтың басқа салаларымен байланысы және т.б. кедендік құқық ұғымын тұжырымдау.	2	5
	СӨЖ 1. «Кеден құқығының қайнар көздері» тақырыбы бойынша реферат жазыңыз.		15
4	Д4. Тақырыбы: Кедендік құқықтық қатынастар.	1	
	СС 4. Тақырыбы: Кедендік құқықтық қатынастар. Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Кедендік құқықтық қатынастар ұғымын тұжырымдау. Кедендік құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін, белгілерін, түрлерін көрсету, оларды құқықтық қатынастардың басқа түрлерінен ажырата білу. Кедендік құқықтық қатынастарды жіктеу бойынша міндеттерді көрсету.	2	5
5	Д5. Тақырыбы: Кеден құқығының субъектілері	1	
	СС 5. Тақырыбы: Кеден құқығының субъектілері. Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Кеден саласындағы құқықтық мәртебесін, құқықтары мен міндеттерінің көлемін көрсете отырып, кеден құқығы субъектілерінің кестесін жасау. Қызмет саласына сәйкес олардың өзара әрекеттесу схемасын әзірлеу. Кеден құқығы субъектілерінің құқықтық жағдайын негіздеу.	2	5
<b>Модуль 2 Кеден құқығының негізгі институттары</b>			
6	Д6. Тақырыбы: Тауарлардың кедендік рәсімдері.	1	
	СС 6. Тақырыбы: Тауарлардың кедендік рәсімдері.	2	5

	Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Тауарлар мен көлік құралдарының кедендік рәсімдерін қолданудың мақсаты, шарттары мен тәртібін түсіндіру. Әрбір кедендік рәсім туралы түсінік қалыптастыру. Тақырып бойынша мәселелерді шешу.		
6	СӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру: «Кедендік төлемдер»		
7	Д 7.Тақырыбы: кедендік төлемдер мен салықтар	1	
	СС 7.Тақырыбы: кедендік төлемдер мен салықтар. Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Тауарларды тасымалдау кезінде алынатын кедендік төлемдер мен салықтар туралы кеден заңнамасының нормаларына талдау жасаңыз. ЕАЭО-ның Бірыңғай кедендік тарифін, кедендік төлемдердің мөлшерлемелерін, тауарлардың кедендік құнын айқындауды, кедендік төлемдерді есептеу тәсілдерін зерделеу. Кедендік төлемдер ұғымы, түрлері, төлеу мерзімдері және есептеу тәртібі туралы білімдерін көрсету. Тақырып бойынша мәселелерді шешу.	2	5
	СӨЖ 2. "Кедендік төлемдер" тақырыбында презентация дайындау		25
<b>АБ 1</b>			<b>100</b>
8	Д8. Тақырыбы: Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізу тәртібі.	1	
	СС 8. Тақырыбы: Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізу тәртібі.Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы жалпы ережелерді түсіндіріңіз. Тауарларды кедендік тазарту тұжырымдамасын талдаңыз. Алдын ала операциялар, кедендік тазарту, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау операциялары туралы білімдерін көрсету. Тақырып бойынша мәселелерді шешу	2	5
9	Д9. Тақырыбы: Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау	1	
	СС 9. Тақырыбы: Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Декларациялау, тауарларды декларациялаудың түрлерін талдау. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік декларациялау тәртібін түсіндіріңіз. СӘЖ ТН зерттеу. Кедендік декларацияны толтыру бойынша тапсырманы орындау.	2	5
10	Д10. Тақырыбы: Кедендік және валюталық бақылау	1	
	СС 10. Тақырыбы: кедендік және валюталық бақылау Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз.Кедендік және валюталық бақылауды нысандары мен әдістерін ажыратыңыз. Кедендік және валюталық бақылауды жүргізу тәртібін түсіндіріңіз. Кедендік бақылау нысандарын сипаттау кестесін жасаңыз. Тақырып бойынша мәселелерді шешу.	2	5
	СӨЖ 3 Кедендік бақылауды қамтамасыз ету әдістері.		20
<b>Модуль 3 Құқықтық жауапкершілік және халықаралық кедендік қатынастар</b>			
11	Д11. Тақырыбы: кеден заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік	1	
	СС 11. Тақырыбы: кеден заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік. Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Кеден заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік ұғымын тұжырымдау. Кеден заңнамасын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікті жіктеу. Кедендік құқық бұзушылықтарды сипаттау. Тақырып бойынша мәселелерді шешу.	2	5
12	Д 12. Тақырыбы: Кедендік заңдарды бұзу туралы істерді қарау тәртібі	1	
	СС 12. Тақырыбы: Кедендік заңдарды бұзу туралы істерді қарау тәртібі Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Кеден заңнамасын бұзу туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібін зерделеу және түсіндіру. Кедендік құқық бұзушылықтарды жіктей білу. Тақырып бойынша мәселелерді шешу.	2	5
13	Д13. Тақырыбы: ДСҰ шеңберіндегі кедендік қатынастар	1	
	СС 13 Тақырыбы: ДСҰ шеңберіндегі кедендік қатынастар Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. ДСҰ-дағы мақсаттар, міндеттер, органдар құрылымы, мүшелік тәртібі және дауларды шешу туралы білімдерін көрсету .	2	5
	СӨЖ 4 «Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік» тақырыбы бойынша презентация дайындау		20
14	Д14. Тақырыбы: ЕАЭО аясындағы кедендік қатынастар	1	
	СС 14. Тақырыбы: ЕАЭО аясындағы кедендік қатынастар	2	5

	Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Экономикалық интеграцияны құру қажеттілігін түсіндіру және негіздеу. ЕАЭО-да дауларды шешудің және шешудің мақсаттарын, міндеттерін, органдардың құрылымын, тәртібін сипаттау. ЕАЭО-дағы кеден қатынастарының ерекшеліктерін анықтау Қазақстанның ЕАЭО-ға қатысуын сыни тұрғыдан бағалау.		
			20
15	Д15. Тақырыбы: Кеден саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық.	1	
	СС 15. Тақырыбы: Кеден саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық. Тақырып бойынша оқу материалын зерттеңіз. Кеден саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудың тарихы мен қазіргі тәртібі туралы білімдерін көрсету. Кеден және сауда саласындағы халықаралық институттарды, олардың мақсаттарын, міндеттерін, жұмыс істеу ерекшеліктерін ажырату. Халықаралық кеден қатынастарының даму перспективаларын анықтау және сыни бағалау.	2	5
<b>АБ 2</b>			<b>100</b>
<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>			<b>100</b>
<b>Пән үшін жиынтығы</b>			<b>100</b>

Факультет деканы

Оқыту және білім беру сапасы бойынша  
Академиялық комитетінің төрайымы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер



Д.Л. Байдельдинов

А.А. Урисбаева

Г.А. Куаналиева

Қ.М. Қожабек

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ.**

**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**«СӨЖ 1. Кеден құқығының қайнар көздері: ҚР кеден заңнамасы, халықаралық келісімдер, халықаралық әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың ашылуы және мазмұнның толықтығы</b>	Кеден құқығының негізгі қайнар көздері толыққанды сипатталған. ҚР заңнамасы халықаралық келісімдер, халықаралық әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты талданған. Барлық қайнар көздер нақты және жүйелі түрде түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер жеткілікті түрде ашылған, бірақ кейбір аспектілер толық қамтылмаған немесе қосымша талдау қажет. Мазмұн жалпы түсінікті, бірақ кейбір маңызды мәселелер беткей сипатталған.	Тақырып үстірт ашылған, негізгі ұғымдар мен қайнар көздер толық қамтылмаған немесе кейбір мәліметтер жетіспейді. Тақырып жалпы түсіндірілгенімен, дәлдік аз.	Тақырып дұрыс ашылмаған немесе халықаралық құқықтың қайнар көздері туралы негізгі түсініктер жоқ.
<b>Кеден құқығының әртүрлі қайнар көздерін талдау</b>	ҚР кеден заңнамасы, халықаралық келісімдер, әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты және дәйекті түрде талданған. Әрқайсысының құқық жүйесіндегі рөлі мен маңызы толық түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер талданған, бірақ кейбір қайнар көздерге қатысты толық емес талдау берілген. Маңызды аспектілер бар, бірақ оларды тереңірек қарастыру қажет.	Кеден құқығының кейбір қайнар көздері қарастырылған, бірақ талдау жеткіліксіз немесе үстірт жүргізілген. Көптеген маңызды қайнар көздер назардан тыс қалған.	Қайнар көздер дұрыс талданбаған немесе мүлдем қарастырылмаған.
<b>Теориялық және практикалық мысалдар</b>	Кеден құқығы қайнар көздерінің теориялық негіздемесі нақты мысалдармен жақсы байланыстырылған. Халықаралық келісімдер мен сот шешімдерінен нақты мысалдар келтірілген, олар жұмысты тереңдетед.	Теориялық негіздеме дұрыс, бірақ практикалық мысалдар жеткіліксіз немесе кейбір мысалдар толық ашылмаған.	Теориялық негіздеме бар, бірақ ол нақты мысалдармен жеткілікті байланыстырылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе мүлдем жоқ.	Теориялық негіздеме жоқ немесе практикалық мысалдар мүлдем келтірілмеген.
<b>Құрылымы мен логикасы, Жазу стилі мен грамматикасы</b>	Жұмыс логикалық және құрылымды, бөлімдер өзара жақсы байланысқан. Әрбір бөлім нақты түсініктеме беріп, мазмұн жүйелі түрде ұсынылған. Жазу стилі түсінікті, грамматикалық қателер жоқ. Жұмыс ғылыми тілмен жазылған, ойлар анық және логикалық баяндалған.	Жұмыстың құрылымы негізінен дұрыс, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы байланыс әлсіз. Жалпы логика бар, бірақ құрылымдық жақсартулар қажет. Жазу стилі негізінен дұрыс, бірақ кейбір грамматикалық қателер кездеседі. Стилль ғылыми, бірақ түсініксіз тұстары бар.	Жұмыс құрылымы әлсіз, бөлімдер арасында байланыс жеткіліксіз, тақырыптар аралас немесе жүйесіз берілген. Грамматикалық және стилистикалық қателер көп, жазу стилі түсініксіз немесе жұмыс жеткіліксіз редакцияланған.	Жұмыс логикалық құрылымнан мүлдем айырылған, тақырып жүйесіз және түсініксіз жазылған. Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз және көптеген қателіктер бар.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**  
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 2 Кедендік төлемдер: (дебат) жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
<b>Тақырыптың ашылуы және мәселені түсіну</b>	Кедендік төлемдердің негізгі принциптері мен мемлекет бюджеті үшін кедендік төлемдердің маңызы толық әрі жан-жақты ашылған. Дебаттағы позиция мен қарсы аргументтер айқын әрі дәйекті түрде берілген.	Тақырып жеткілікті түрде ашылған, негізгі идеялар мен мәселелер дұрыс түсіндірілген, бірақ кейбір аспектілер жеткіліксіз талқыланған.	Тақырып жалпы қарастырылған, бірақ мазмұнда олқылықтар бар, негізгі мәселелер толық ашылмаған.	Тақырып дұрыс ашылмаған, негізгі мәселелер дұрыс талқыланбаған немесе айтарлықтай қателіктер бар.
<b>Аргументтердің негізділігі</b>	Ұсынылған аргументтер нақты, дәлелді және теориялық негіздемеге сүйенген. Халықаралық құқық, дипломатиялық келісімдер және нақты оқиғаларға сілтемелер берілген.	Аргументтер негізінен дұрыс, бірақ кейбір дәлелдер қосымша негіздеуді талап етеді. Негізгі дереккөздер мен құжаттар пайдаланылады, бірақ толық қамтылмаған.	Аргументтер негізсіз немесе толық емес, дәлелдер жеткіліксіз, теориялық немесе тәжірибелік негіздеме әлсіз.	Аргументтер жоқ немесе өте әлсіз, олар дәйекті түрде негізделмеген.
<b>Қарсы пікірлерге жауап беру</b>	Қарсы пікірлерге жауап беру дәйекті және нақты, қарсы аргументтер мен дәлелдер сәтті қолданылады. Дебат барысында екінші тараптың ұстанымдары талданып, қисынды түрде теріске шығарылған.	Қарсы пікірлерге жауап беру дұрыс, бірақ кейбір жағдайларда аргументтер толық емес немесе нақты жауаптар жоқ.	Қарсы пікірлерге жауап беру беткей сипатта, аргументтер әлсіз немесе дұрыс негізделмеген.	Қарсы пікірлерге жауап беру жоқ немесе мүлдем әлсіз.
<b>Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер</b>	Барлық пайдаланылған дереккөздер дұрыс және дәл көрсетілген. Құжаттар, келісімдер мен халықаралық заңнамаға толық әрі нақты сілтемелер жасалған.	Пайдаланылған әдебиеттер жеткілікті, бірақ кейбір дереккөздер жетіспейді немесе толық емес. Сілтемелер дұрыс жасалған.	Әдебиеттер мен дереккөздер аз немесе олар ескірген. Сілтемелер кейбір жерлерде дұрыс емес.	Дереккөздер жоқ немесе дұрыс көрсетілмеген, әдебиеттерге сілтемелер жоқ.



**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**

**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 3. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету әдістері (презентация, реферат) жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Мазмұнның толық ашылуы</b>	Тақырып толық ашылған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері толық әрі жан-жақты баяндалған. Мазмұн дәйекті түрде, терең талдаумен ұсынылған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері негізінен дұрыс талданған, бірақ кейбір аспектілер тереңдетілмеген.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ мазмұнда елеулі олқылықтар бар. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері аздап қарастырылған.	Тақырып толығымен ашылмаған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері дұрыс сипатталмаған немесе өте үстірт қаралған.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Кедендік бақылауды қамтамасыз етудің негізгі құжаттары, келісімдер және институттар нақты талданған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету бойынша негізгі құжаттарға сілтемелер толық және дәл берілген.	Негізгі құжаттар мен институттар негізінен дұрыс сипатталған. Алайда кейбір маңызды құжаттарға немесе аспектілерге тереңірек тоқталу қажет.	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету құжаттары мен институттарға аз ғана сілтеме жасалған немесе олар тек жалпы түрде сипатталған.	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету құжаттары мен институттар мүлдем қарастырылмаған немесе дұрыс түсіндірілмеген.
<b>Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар Қорғау механизмдерін талдау</b>	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері терең және жан-жақты талданған.	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері жеткілікті деңгейде қарастырылған. Кейбір механизмдер толық ашылмаған немесе тек жалпы түрде сипатталған.	Қорғау механизмдері үстірт түрде қаралған немесе маңызды тетіктер мен ұйымдар сипатталмаған.	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері мүлдем қарастырылмаған немесе қате сипатталған.
<b>Жазу, APA style</b>	Жұмыс сауатты жазылған, грамматикалық және стилистикалық қателер жоқ. Мәтін оңай оқылады, тілдік құралдар дұрыс қолданылған.	Кішкене грамматикалық және стилистикалық қателер бар, бірақ олар мазмұнды түсінуге кедергі келтірмейді.	Көптеген грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі, мәтін түсініксіз.	Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**  
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 4. «Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың толық ашылуы</b>	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік рөлі мен функциялары жан-жақты әрі толыққанды талданған. БҰҰ-ның негізгі органдарының функциялары мен олардың халықаралық құқықтағы маңыздылығы түсінікті және жүйелі баяндалған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған, негізгі мәселелер дұрыс қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ негізгі мәселелер беткей қарастырылған, маңызды ақпарат жетіспейді.	Тақырып толық ашылмаған немесе мазмұнда айтарлықтай кемшіліктер бар.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік туралы негізгі теориялық концепциялар нақты әрі дәл сипатталған. Құжаттарға, келісімдерге және тиісті заңнамалық актілерге дәйексөздер келтірілген.	Теориялық негіздеме бар, бірақ кейбір маңызды аспектілер толық ашылмаған немесе дәйексөздер жеткіліксіз.	Теориялық негіздеме үстірт түрде берілген, кейбір қажетті құжаттар мен дереккөздер қарастырылмаған.	Теориялық негіздеме жоқ немесе өте аз, маңызды құжаттарға және дереккөздерге сілтемелер жоқ.
<b>БҰҰ-ның рөлін талдау</b>	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік рөлі терең әрі толық талданған. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау, қақтығыстарды шешу, адам құқықтарын қорғау және халықаралық құқықты дамытудағы рөлі жан-жақты сипатталған.	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік жеткілікті деңгейде қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған немесе беткей сипатталған.	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік туралы жалпы ақпарат бар, бірақ талдау жеткіліксіз немесе негізгі элементтер қамтылмаған.	Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік толық қарастырылмаған немесе мүлдем түсіндірілмеген.
<b>Қорытынды және ұсыныстар</b>	Жұмыстың қорытындысы нақты және логикалық түрде берілген. Ұсыныстар мен талдаулар Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілікті толық қамтиды.	Қорытынды бар, бірақ ұсыныстар мен тұжырымдар жеткіліксіз немесе толық емес.	Қорытынды жалпы сипатта, нақты ұсыныстар немесе шешімдер жоқ.	Қорытынды мүлдем жоқ немесе жұмыстың мазмұнымен байланысты емес.